

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНІҢ МЕМОРИАЛДЫҚ-ДІНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ МЕН СӘУЛЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қайрош Айнара Асылханқызы

ainarakairosh2006@gmail.com

«Көркем білім» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымд. профессор, - Әлжанов Ғ.М.

Мақалада Батыс Қазақстан өңіріндегі мемориалдық-діни ескерткіштердің зерттелу тарихы, типологиялық ерекшеліктері және сәулеттік шешімдері қарастырылады. Аймақтағы қорымдар мен кесенелерді ғылыми тұрғыдан зерттеу XVIII ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Ескерткіштердің құрылыс материалдары, пішіндік шешімдері («төртқұлақ», сағанатам, күмбезді құрылыстар) мен көркемдік безендірілуіндегі дәстүр сабақтастығы және жаңашылдық сипатталған. Сондай-ақ тас қашау өнерінің дамуы, құлпытастардың композициялық ерекшеліктері мен семантикасы талданады.

Кілт сөздер: мемориалдық-діни ескерткіштер, сәулет, құлпытас, некрополь, Батыс Қазақстан, тас қашау өнері, кесене.

Қазақстанның батыс аймағында көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын сан алуан мемориалдық-діни ескерткіштер шоғырланған. Бұл ескерткіштер – тасқа қашалған тарих, халықтың дүниетанымы мен сәулет өнерінің даму кезеңдерінің куәгерлері. Аймақтың оңтүстігінде Маңғыстау мен Үстіртте, солтүстігінде Орал-Жайық өңірінде орналасқан қорымдар мен кесенелер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлердің сабақтастығын көрсетеді. Бұл мақаланың мақсаты – Батыс Қазақстан облысы аумағындағы мемориалдық-діни ескерткіштердің зерттелу тарихын, типологиясын және сәулеттік-көркемдік ерекшеліктерін жүйелеу.

Батыс Қазақстан аумағындағы ескерткіштерді ғылыми тұрғыдан зерттеу XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. 1768-1774 жылдардағы академиялық экспедицияларға қатысқан П.И. Рычков, Н.П. Рычков, П.С. Паллас, И.П. Фальк еңбектерінде Басқұншақ көлі маңындағы «Байтақ», «Шоралығын Балласун» кесенелері, Әбілқайыр хан ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер кездеседі [1]. 1864 жылы «Орыс географиялық қоғамының этнографиялық жинағында» тас мүсіндер туралы мақала жарияланса, 1889-1890 жылдары А. Харузов жетекшілігімен Бөкей даласында жүргізілген археологиялық экспедиция барысында 22 қорған зерттеліп, сипатталды.

XX ғасырдың 40-50 жылдары қазақ ғалымдары Т.Қ. Бәсенов, М.М. Меңдіқұлов Батыс Қазақстандағы Ұшқын ата, Сисем ата, Шопан ата, Масат ата сияқты ғұрыптық ескерткіштерді зерттеуге кірісті. М.М. Меңдіқұловтың «Батыс Қазақстанның халықтық сәулет ескерткіштері» еңбегі осы саладағы маңызды зерттеулердің бірі болды [2]. 1987, 1988 және 1990 жылдары Франция, Қазақстан және Өзбекстан ғалымдарының бірлескен кешенді экспедициясы Маңғыстау өңірінде жүргізіліп, 130-дан астам некрополь мен зират тексеріліп, 4 мыңға жуық құрылыс жан-жақты зерттелді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде С.Е. Әжіғалидің «Батыс Қазақстанның дәстүрлі жерлеу-ғұрыптық сәулетінің генезисі» атты іргелі монографиясы жарық көрді [3]. 1980 жылы «Казпроектреставрация» институтының Орал архитектура экспедициясы (жетекшісі Т. Төреқұлов) Далалық Жайық өңірінің сәулет ескерткіштерін мақсатты түрде зерттей бастады. 1998 жылы С. Әжіғали жетекшілігімен жүргізілген кең ауқымды этномәдени экспедиция Ақжайық, Казталовка, Бөкей Ордасы, Жаңақала, Сырым, Қаратөбе аудандарының аумағындағы ескерткіштерді қамтыды [4]. 2002-2008 жылдары тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н. Сдықовтың

жетекшілігімен құрылған тарих және археология орталығы Сырым, Қаратөбе, Шыңғырлау және Орал аудандарында мемориалдық-діни ескерткіштерді зерттеудің жаңа кезеңін бастады. 2003 жылы Р.А. Бекназаров жетекшілігімен этнографиялық экспедиция жүргізіліп, көптеген деректер жинақталды [5]. Ескерткіштердің типологиясы мен сәулеттік ерекшеліктері

Батыс Қазақстан аумағында мемориалдық-діни ескерткіштердің әртүрлі типтері кездеседі: құлпытастар, қойтастар, сандықтастар, сағанатамдар, «төрткұлақ» қоршаулар және күмбезді кесенелер. Олардың тарихы терең көне замандардан бастау алады. Б.з. II мыңжылдығынан бастап шағын формалы діни сәулеттің негізгі типтері қалыптаса бастады. Беғазы-Дәндібай типіндегі ескерткіштер, Тегіскен кесенесі осы кезеңнің жарқын үлгілері болып табылады. Ортағасырлық кезеңде ескерткіш құрылысында балшық және күйдірілген кірпіш кеңінен қолданыла бастады. Осы дәуірде Айша бибі, Бабаджа хатун, Алаша хан, Сырлытам кесенелері сияқты стильдік бағыттағы мемориалдық-діни сәулет үлгілері қалыптасты. Бұл кезеңдегі композициялық шешімдердің негізіне қазақ киіз үйінің пішіні алынды, оның айқын дәлелі – Кентті баба, Үштам, Масат ата, Қошқар ата кесенелері. XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басында Шопан ата, Шақпақ ата, Қараман сияқты ірі жерлеу-ғұрыптық кешендердің қарқынды өсуі байқалады.

Батыс Қазақстанда тас қашау өнерінің өркендеуіне өңдеуге оңай тау жыныстарының болуы ықпал етті: оңтүстікте – әктас пен ұлутас, солтүстікте – құмтас пен бортас. Шеберлер құрылымы біркелкі, тығыз, бірақ оңай өңделетін тастарды пайдаланды. Құлпытастар – Батыс Қазақстанда кең тараған ескерткіш түрі. Олар қабірдің батыс жағына тігінен орнатылатын тас бағандар. Ертедегі құлпытастар өңделмеген немесе жеңіл-желпі өңделген тас тақталардан тұрды. Кейінгі құлпытастар ұшар басы жартылай дөңгеленіп келген қырлы баған түрінде жасалып, бетіне ру таңбалары, эпиграфикалық жазулар, қару-жарақтар мен тұрмыстық заттардың суреттері қашалды. Құлпытас қашау өнері шарықтау шегіне XIX ғасырдың ортасында жетті. Бұл кезеңнің көркем құлпытастары үш бөліктен: негіз (өзек), таған және ұшар бастан тұрып, биіктігі 1,5-тен 3 метрге дейін жетті. Ескерткіштер ашық түстерге (қызыл, көк, сары) боялып, өсімдік тектес ою-өрнектермен безендірілді. Батыс Қазақстан облысының мемориалдық ескерткіштерін географиялық орналасуына қарай екі жергілікті топқа бөлуге болады: Бөкей Ордасы және Жайық өңірі ескерткіштері. Атырау тобымен бірге бұл екеуі Солтүстік Каспий кешендерінің тобын құрайды. Жайықтың батыс жағалауындағы (Бөкей бетінде) құлпытастар беті жазық, эпиграфиялық пішімде келсе, шығыс жағында көп бөлікті, ауқымды тасбелгілер жиі ұшырасады. Қараөзен мен Сарыөзен алабында XIX-XX ғасырлардағы қорымдарда, әсіресе Жалпақтал қорымында байбақты, тана, табын руларының өкілдері жерленген, тастан қашалған құлпытастар шоғырланған.

Бөкей Ордасындағы хан зираты, Жәңгір хан мен М.С. Бабажановтың кесене-бейіттері ерекше тарихи-мәдени мәнге ие. Облыстың шығыс жағында, сол жағалаудағы аудандарда Әулие Қазырет қорымы мен Қондыкер бейіті сияқты дәстүрлі Арал-Каспий аймағына тән көп бөлікті құлпытастар кездеседі. Соңғы кездері мемориалдық-діни ескерткіштердің құрылысында жаңа материалдар – керамикалық плиткalar, сәндік гранит, қаптау кірпіштері кеңінен қолданыла бастады. Дәстүрлі «төрткұлақ», сағанатам және күмбезді құрылымдар сақталғанымен, металл қоршаулар мен шикі кірпіш қазіргі қорымдарда кездеспейді. Орал қаласынан 20 шақырым жердегі Барбастау қорымындағы ескерткіштердің шамамен 75%-ы бойлық-осьтік орналасатын бір камералы «төрткұлақ» типіне жатады. Қалған ескерткіштер Маңғыстау әктасынан жасалған күмбезді кесене түріндегі құрылыстар. Мұндай өзгерістер еліміздің барлық аймақтарында байқалады.

Батыс Қазақстанның мемориалдық-діни ескерткіштері – көшпелілер мәдениетінің, сәулет өнері мен дүниетанымының бірегей куәгерлері. Оларды зерттеу XVIII ғасырдан басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Аймақтың тас қашау өнері әсіресе XIX ғасырда жоғары деңгейде дамып, өзіндік «әсемдік» стилі қалыптасты. Ескерткіштердің типологиясы мен сәулеттік шешімдеріндегі дәстүр сабақтастығы, сондай-ақ жаңа заманғы материалдар мен технологиялардың енуі бүгінгі қорымдарда да байқалады. Бұл

ескерткіштер халқымыздың монументтік глиптикасының жоғары дамығандығын және дүниежүзілік мәдени мұраның құрамдас бөлігі екендігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рычков П.И., Рычков Н.П. Топография Оренбургской губернии. – М., 1887. – 405 с.
2. Меңдікұлов М.М. Батыс Қазақстанның халықтық сәулет ескерткіштері. – Алматы: Өнер, 1987. – 160 б.
3. Әжіғали С.Е. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 260 с.
4. Әжіғалиев С. Батыс Қазақстан ескерткіштері // Зерде. – 1989. – №12. – Б. 24-28.
5. Бекназаров Р.А. Батыс Қазақстан облысының мемориалдық-діни сәулет ескерткіштері // Ғылыми мақалалар жинағы. – Орал, 2002. – 268 б.
6. Байпаков К.М. Городища типа «төрткуль». – Алма-Ата: Наука, 1978. – 132 с.
7. Таймагамбетов Ж.К., Нуркабаев М.С. Исследования на Мангышлаке. – М., 1987. – 98 с.
8. Нұрмағанбетов Ә. Қазақ этнонимдері адай және шеркеш туралы // Түрік ономастикасы. – Алма-Ата, 1984. – Б. 112-118.